Жаңа жыл құтты болсын!

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 52 (485)
29 желтоқсан, 2022 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» БАЛАЛАРҒА НЕ БЕРДІ?

Биыл – балаларға басымдық берілген жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған қадамға салмақты қарауды тапсырып, түйткілді мәселелердің шешім табуын міндеттеген болатын. Осыған орай жыл бойы сан салада серпін үдеп, шара көбейді. Халықаралық дәрежедегі жобалардан бастап, ауыл-аймақтағы іс-шаралардың біршама бөлігі «Балалар жылына» арналса, тың идеяларды қозғаған бастамалар балаларға бақыт сыйлады.

Енді, міне, жыл соңы. Атқарған шаруа, көрсетілген қызмет, жасалған істің есебі берілер сәт. Бұл сұрауға «Балалар жылында» атқарылған жұмыс та енетінін ескерсек, күткен талап күшейе түседі. Маңызды жылда қандай жетістікке жеттік? Балаға жасалған жақсылық қандай? Өңірдегі көрсеткіш көңіл көнште ме? Осы сауалдарға жауап іздеу нәтижеге мән беруге сеп болары анық.

Алдымен әңгімені аймақтағы ахуалдан бастайық. Облыста атаулы жыл жағымды жаңалықтармен жалғасты. Ең бастысы, биыл бүлдіршіндерге ойын алаңдары пайдалануға берілсе, мектеп, оқушылар сарайының құрылысы басталған. Мұны аймақ басшысы Нұрлыбек Налібаев БАҚ-қа берген мәліметінде растаған болатын:

«Балалар – біздің болашағымыз, оларға жан-жақты қолдау көрсетіп, барлық жағдай жасауға мүдделіміз. Мемлекет басшысының биыл жарияланған «Балапан жылына» тарту ретінде демеушілердің қолдауымен құны 1,6 млрд теңгеге 80 балапан спорт-ойын алаңын пайдалануға бердік. Тек қаланың ортасында ғана емес, шет аймақтарда да ойын алаңдары салынды. Бұл жұмыстарды келесі жылы да жалғастырамыз.

Балалар үшін тағы бір қомақты сый жасадық. «ҚазГерМұнай» компаниясы Қызылордада заманауи 350 орындық Оқушылар сарайын салуға ниет білдірді. Жаңа үлгідегі Оқушылар сарайында дарынды балалардың жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасаймыз», – деген болатын облыс әкімі.

«Балалар жылы» кәсіпкерлер арасында жеке мектеп салу бастамасы белең алғаны жасырын емес. Бүгінде аймақта 21 жеке мектеп жұмыс істесе, алдағы 3 жылда тағы 12 жеке мектеп, 64 балабақша бой көтермек. Мұндай шешім оқу ауысымын азайтып, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен 100 процент қамтуға мүмкіндік бермек. Көңіл аударар тұс, аймақтағы барлық білім беру ұйымында бейнебақылау жүйелері толық қамтылып, 35 мектептегі бейнебақылау жүйесі жергілікті полиция бөлімдеріне қосылған көрінеді. Мұның бәрі маңызды жылдағы мерейлі сәттің жемісі екені анық.

Қызықты дерек, аймақта жыл басынан бері «Балалар жылы» аясында 12 мыңнан астам шара өткен екен. Алдын ала бекітілген жоспардың негізінде жұмыс жүріп, тәрбиелік шаралар, лагерьге жолдама табысталыпты. Ал арнайы санаттағы балалар мен халықаралық олимпиада жүлдегерлеріне 100 велосипед, 10 ноутбук және 20 бүлдіршінге «Балдәурен» республикалық лагеріне жолдама берілген. Сондай-ақ, балаларды қосымша білім берумен қамтамасыз ету мақсатында 23 307 бала мәдени және спорттық үйірмелермен қамтылған.

Денсаулық сақтау саласында да қуанқын күшейгені байқалды. Мәселен, «Дені сау бала» бағыты аясында бүлдіршіндерді аудиологиялық скринингтен өткізу, медициналық тексеру жүргізу іске асса, психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілген. Балабақшаларда логопункт, инклюзивтік ресурстық орталық, аутизм кабинеті ашылып, тұрмысы төмен отбасыдан шыққан бүлдіршіндерге спорт кешендеріне тегін абонемент берілген екен. Ең бастысы, «Балалар жылы» аясында көпбейінді облыстық балалар ауруханасында ашылғанын айта кеткен жөн. Өрине, бала үшін маңызды ахуал – отбасы сында оңалту орталығы отбасылар үшін 50 төтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Отбасы институтын насихаттау қолға алынып, балалар туризмін дамыту мақсатында Қоркыт Ата кешені, Сортөбе, Жанкент, Сығанақ тарихи орындарына саяхат ұйымдастырылды.

Ерекше жыл аясында тек ойын алаңы, спорттық-мәдени нысандар ғана емес, рухани еңбектер де көзге түсті. Мысалы, биыл басна саласында ширек ғасырдан аса қызмет көрсетіп келе жатқан «ASU» басна үйі» ЖШС «Balapan» телеарнасымен бірлесе алғаш рет отандық анимациялық фильмдердің бояу кітапшаларын шығаруды қолға алды. Осының негізінде эфирлік қаралымы жоғары 3D форматтағы «Сиқырлы тас» және 2D техникасында жасалған «Әл Фараби» мультсериалының кейіпкерлері жарыққа шықты. Кітапшада бояуға мүмкіндік беретін кейіпкер суреттерімен қатар, қанатты сөздер де орын алған.

Иә, «Балалар жылында» аймақ көлемінде атқарылған тірлік аз емес. Бір жылдық бастама жүз жылдық игілікке сеп болып, балалардың қуанышы мен жайлы ортасын қалыптастыруға сеп болуда. Алайда әлі де тындырар шаруа жетерлік, балаларға қатысты мәселе баршылық. Ол олқылықтарды түзетуге арнайы дата мен науқанды күтудің қажеті болмас деп сенеміз...

Берен ШАҒЫРОВ

ОТ ШАШАМ ДЕП ОТ БАСПА...

Жыл соңы таяп, жаңа жыл жақындаған сайын қарбалас қызуда. Бірі дастархан қамымен азық-түлік алып жүрсе, енді бірі шырша мен ойыншық, отшашу іздеп әлек. Соңғы екі жылда дүрбелеңге салған вирустың ізі қайтысымен тұрғындар мерекелік көңіл-күйге қайта оралды. Иә, жаңа жыл – отбасылық мереке. Бұл күндері барлық адам келер жылдан жақсылық күтіп, кереметтей көңіл-күймен қуанышта жүреді. Бір-біріне сыйлық жасап, кейбірі қауіпті отшашу ұйымдастырады. Десек те көңіл көтереміз деп ауруханадан бір-ақ шығатын сәттер де кездеседі. Сондықтан сақтық шараларын саралай кетсек.

2 бетте

АЯЗ АТАНЫҢ АҚЫСЫ ҚАНША?

Жаңа жылды басты кейіпкерлер – аяз ата мен ақшақарсыз өлестете алмаймыз. Оларды асыға күтетін, тіпті, жаңа жыл мен аяз ата, ақшақарды тікелей байланыстыра қарайтын бүлдіршіндер екенін мойындау керек. Ақ сақалды, қызыл киімді атаның сиқырлы қапшығынан сыйлық алу үшін қызу дайындық жасайтын да – балалар. Өн айтып, би үйреніп, өлең жаттап қоймай, аяз атаға арнайы арман-тілектерін айтып хат жазады. Оның қапшығынан тілегенінің бәрі табылатынына да сенеді. Осы бір әртегілерде ғана кездесетін ерекше ғажайып сәтті көру үшін әр жаңа жылды асыға күтетін балаларды қуанышы, риясыз күлкісі үшін ата-ана не істемейді? Әрі өмір бойы ұмытылмайтын эмоция сыйлайтын аяз ата мен ақшақардың да еңбегін бағалау керек.

Астана мен Алматы сынды мегаполистерде аяз ата мен ақшақардың «құны» қымбат. Өткен жылғы бағамен бағамдасақ, бас кейіпкерлерді үйге шақыру 25 мыңнан, ал мерекелік кешке шақыру 18 мыңнан басталады-мыс. Бұл – бар болғаны 30 минутқа ғана есептелетін шығын. Қолды қаритын қары жоқ болса да, аязы үлкенді де, кішіні де аямайтын біздің өңірдің аяз аталары мен ақшақарлары қанша табады? Қазіргі аяз аталар шанамен жүре ме? Балалардың аяз атаның қалпасынан күтетін сыйы қанша тұрады?

Қызылордадағы шағын аниматорлық орталықтардың бірінде ұйымдастырушы қызметін атқаратын Сымбат Тұрмахан бұл бизнес түрін ЖОО-ға түсіп, студент атанған алғашқы курсында бастағанын айтады. «Осы идеяны ұсынып, қаржылық қолдау білдірген ағам еді. Өзім барып, аниматорларға қажетті киімдерді сатып алдым. Сценарий жасалды. Осылайша біртіндеп шоу-бағдарламаларды ұйымдастыра бастадым. 8 адамнан тұратын командамен жұмыс істеп келе жатқанымызға – үшінші жыл. 4 ұл мен 4 қыз, яғни, 4 жұп аяз ата мен ақшақар», – дейді Сымбат Алтынбекқызы. Ұйымдастырушының айтуынша, 15 минуттық шоу-бағдарламаның құны 15 мың теңгені құрайды. Ал аяз ата мен ақшақар әрі қарай да кештің көркін қыздырсын десеңіз, олардың 30 минуттық қызметі 30 мың теңге тұрады. Яғни, жаңа жылдық кештер күн сайын ұйымдастырылатын жылдың соңғы аптасында күніне 100 мың теңге табыс табуға мүмкіндік бар. Бұл – әрі-бері тасымал құнын есептемегендегі таза табыс көлемі.

Мереке маусымында қос кейіпкерге сұранысты артатыны анық. Ал қызылордалықтардың аниматорларға кезқарасы қалай? «Кейде алдын ала тапсырыс жасамай, отырып-отырып аяқ астынан шақыратындар да болады. Алматы, Астанадағыдай танымал болмаса да, аниматорларды тұрақты шақыратын, шоу-бағдарламаларды жақсы көретіндер бар. Оның үстіне кішкентай балалар үшін ерекше сұранысқа ие. Дәл жаңа жыл күні балалар үшін, жекелеген отбасылардан тапсырыс түседі. Жақында ғана «Markizant» заң компаниясымен бірлесе отырып, ерекше балаларға арнайы шоу-бағдарлама ұсынып, қайырымдылық шарасына белсене қатыстық. Өрине, балаларға қуаныш сыйлау – біз үшін ерекше бақыт», – дейді ұйымдастырушы.

Бала көңілдің аяз атаға риясыз сенетінін атап өттік. Біз де сенгенбіз, біздің балаларымыз да сенеді. Яғни, қалтасы сыйға толы қайырымды атаны күту балалық қиялдан туса да, адамдардың жақсылыққа деген сенімімен тығыз байланысты. Ал қазіргінің кішкентайлары аяз атадан не сұрайды? Олар аяз атаға сене ме? Бұл туралы аниматорлық орталықтың мүшесі, аяз ата рөлін сомдап жүрген Байбарақ Тобажан пікір білдірді.

– Аяз ата рөлін сомдау өте қызықты жұмыс әрі үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Өйткені назары секунд сайын сан түрлі нәрсеге бөлінетін жиырма бірінші ғасырдың баласын сендіру оңай емес. Балалардың көзінше киімнді ауыстырып кіп, оларды алдауға болмайды. Олармен амандасып, тіпті, кеш біткен соң қоштасудың өзін үлкен дайындықпен атқарып шығуға тырысамын. Өйткені балаларды келесі жылы тағы да келетініңе сендіре білуің қажет.

Хат жазып, сыйлық күтетін кішкентайлардың күтетін сыйлықтары біз ойлағандай қарапайым емес, заманауи әрі қаржылық жағынан үлкен мөлшерде. Мысалы, 5-6 жыл бұрын балалар түрлі ойыншық, компьютерлік ойын түрлерін сұрайтын болса, қазір техниканың жаңа түрлеріне, яғни, планшет, ұялы байланыс телефондарына «тапсырыс» береді. Ата-аналар да баланың қуанышы үшін оларға сұрағанын сыйлауға дайын. Өрине, көңілі тап-таза парақтай сәбилердің қуанғанына не жетсін?! – дейді аяз ата.

Дина БӨКЕБАЙ

Жалғасы. Басы 1-бетте

ОТ ШАШАМ ДЕП ОТ БАСПА...



Шынында пиротехникалық өнімдерге сертификаттардың жоқтығы және белгісіз орындарда тауарларды сату жайттары орын алады. Ал полицейлер болса, оны сату ережелерін сақтамаған құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартады. Әсіресе, көмелетке толмағандардың ойын-сауық үшін өртке қауіпті өнімдерді пайдаланбауына баса көңіл аударылады.

Сонымен қатар тәртіп сақшылары сатушыларға пиротехникалық заттарды қолданудың қауіпсіздік ережелері, пиротехникалық бұйымдарды сатуда арнайы лицензияның болуы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Жергілікті ПД Әкімшілік полиция басқармасы қызметкерлерінің айтуынша, "Пиротехника" жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу ең алдымен жаңа жылдық мерекелер кезінде қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ балалар мен ересектер арасында жарақат алу жағдайларының алдын алуға бағытталған.

25 желтоқсан мен 3 қаңтар аралығында өтетін рейд кезінде заңсыз заттарға тыйым салынбақ. Бүгінде пиротехникалық бұйымдарды тасымалдаудың және сақтаудың заңдылығы бойынша 400 рейд жүргізілді. Нәтижесінде заңсыз сатудың 75 фактісі анықталды. Құқық бұзушылардан сертификатталмаған пиротехникалық бұйымдардың 1 850 данасы тәркіленді. Сондықтан құқық қорғау қызметкерлері балалар мен үлкендер арасындағы жарақаттанудың алдын-алу және болдырмау, жасөспірімдердің пиротехникалық заттарды қолданбауын бақылау, сондай-ақ пиротехникалық өнімдерді лицензиясы бар арнайы сауда орындарынан алуға кеңес береді.

Шынында, от «шашу» ойын емес. Сапасыз отшашу салдарынан әп сәтте опық жеуіңіз мүмкін. Мұны белгілі блогер Римма Асқарованың өзі растап отыр. Блогер 11 жасында отшашудың кесірінен көзін қатты жарақаттаған.

– 11 жасымнан бастап отшашуға жақындамаймын. Өйткені денсаулығыма зардабы көп болды. Танымайтын адамдар көзімді көріп, туабітті ауру екен деп ойлап жатады. Кебісінің көкейіне "бұл қалай болған?" деген сауал туындайды. Негізі олай емес. Бұл оқиғаны жазатайым болған жағдай деп қабылдадым. 11 жасымда, 6 сынып оқитын кезімде жаңа жыл қарсаңында отшашу шашырап, содан көзімнің беткі пердесі күйіп, осы жағдайға түстім. Бірақ ол кезде қабақ, кірпігім ашылмай, көзім түгел жабылып қалды.

Біздің елдегі дәрігерлердің бәрі Римма Асқарова десе жатқа танитын. Тіпті ауруханадағы кіші қызметкерлерге дейін менің жағдайыма аландайтын. Жай тексеріске бара қалсам «бәрі дұрыс па» деп сұрайтын. Отшашудың кесірінен әрбір жаз сайын ауруханаға келіп 21 күндік емге қалып жүрдім. Арасында оталар да болып тұрды. Кейін Кореяға барып, ең алғаш қабағыма ота жасаттым. Көзімнің қазіргі жағдайы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жақсарды, – дейді блогер.

Мереке күндері адам денсаулығына әсер ететін зиянды заттар тек отшашумен шектелмейді. Шамадан тыс тамақ пен ішімдік ішіп, ауру тілеп алатындар көбейеді. Сондықтан мамандар бұл мәселенің алдын алуға да шақырады. Ол үшін азық-түлік сатып аларда қырағы болған абзал. Әсіресе, тауардың жарамдылық мерзімін қадағалау қажет. Ал мерекелік дастархан үстінде тамақтану әдебін сақтаған жөн.

Қаладағы қай мейрамханада да қазір мереке алды қарбалас. Жаңа жылды осында қарсы алатындар асқа алдын-ала тапсырыс та беріп қояды. «Үстелде ас көп болса, келер жылы сондай молшылық болады» дейтін ырымшыл халықтың тағамнан аянып қалмайтыны анық. «Arnau palace» мейрамханысының әкімгері Бағдат Мұхамедов биыл тапсырыстың мол екенін жеткізді.

– Көп қонақтар жанұяларымен келеді. Сондай-ақ әріптестермен де көңілді кеш өткізіп жатыр. Негізгі тапсырыс – ет. 23 желтоқсаннан бері мейрамхананың негізгі тағамы да ет болып кетті.

Мерекені үйде тойлаушылардың да тамақтан ақша аяп қалмайтыны белгілі. Жұрт дастарханды жеміс-жидек, тәтті мен ыстық тағамның түр-түріне толтырады. Көзіміз қызығып, бәрінің дәмін татып көруге асығатынымыз да жасырын емес. Алайда мұндай қомағайлық жаңа жылдық көңіл-күйіңізді әп-сәтте бұзуы мүмкін.Төрегелді Шарманов, Қазақ Тағамтану академиясының президенті бұған қатысты мынадай пікір айтты.

– Ет жеме демейміз, жесін. Сорпа ішпе демейміз, ішсін. Салатқа абай болу керек. Жаңа жылға арналған салаттарда көбіне инфекциялық аурулар көрініп қалады. Бұған дәлел, жуырда ғана арнайы тексеріс кезінде дүкенде сатылатын салаттан ішек құрттары табылған. Әрі тағамның бұл түрі 24 сағатқа ғана жарамды. Сондықтан оны үйде дайындаған дұрыс.

Мамандар әсіресе, азық-түлік сатып аларда сақ болуға шақырады. Дүкен сөресінде самсап тұрған заттың бәрі бірдей сапалы деуге келмейді. Биылдың өзінде Ұлттық экономика министрлігі сауда орындарында тексеріс жүргізіп, аса қауіпті 23 мың тонна тауарды жарамсыз деп тапқан. Ал, оны өндірушілер жаппай жазаланыпты.

Ерасыл ШӘРІБЕК

СІЗ КҮТКЕН ЖАҢА ЖЫЛ ҚАНДАЙ?

Жаңа жыл – асыға күтетін мейрамның бірі. Бұл мерекені 31 желтоқсан күні отбасында атап өту үрдіске айналған. «Жаңа жыл жарылқа, ескі жыл есірке» деп өткен жылға өкпе артпай, келер жылға үлкен жоспар жасаймыз. Жалпы жаңа жылға қатысты көптеген ырым бар. Оған қоса мейрам кезінде көрсетілетін арнайы фильмдер ерекше әсер сыйлайды. Мәселен, «Үйде жалғыз қалғанда» фильмі балалық шақтың тәтті дәмі іспеттес. Ал, сіз жаңа жылда қай фильм көргенді ұнатасыз? Бұл мерекеге қатысты қандай ырымдар білесіз.

ӘЛЕМ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Алдымен жаңа жылды әлем халқы қалай қарсы алатынына тоқталайық. Мәселен, Болгария елі жаңа жылды ерекше қарсы алады екен. Елде түн ортасында жарық өшеді. Сол сәтте барлық адамдар бір-бірін сүйіп құттықтайды. Бұл сүйіспеншіліктің, бауырмалдылықтың, махаббаттың белгісі болса керек. Ал гректердің түсінігі мүлде басқаша. Олар табыс көзін тастың көлемімен өлшейді. Қонаққа барғанда өздерімен бірге тас алып барады. Тас неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы. Тастың салмағына қарай келер жылы үй қожайынының қалтасы ақшаға толады деген ырым бар. Жапондардікі мүлде өзгеше. Оларда 108 мәрте қоңырау соғылады. Әрбір соғылған қоңырау адамның ақымақтық, сарандық, ашушаңдық, қызғаншақтық, сенімсіздік, жеңілтек сияқты кемшіліктерін білдіреді екен. Жапондықтар әрбір кемшіліктің 18 түсі бар деп есептейді. Сондықтан қоңырау 108 рет соғылады. Ал Шотландияда жаңа жылды үнсіздікте қарсы алу керек деген дәстүр сақталған. Сағат тілі 12-ні көрсеткенде бүкіл отбасы жанып тұрған пештің қасына жиналып, ал отағасы үнсіз барып есікті ашады екен. Осылайша олар ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды қарсы алады. Сондай-ақ үйге ең алғаш келген кісіде береке бар деп түсінеді. Жылды орындықтан секіріп қарсы алатындар да бар. Бұл дәстүрді ұстанған

ҚАНДАЙ ФИЛЬМ КӨРГЕН ЖӨН?

Әрине, Жаңа жылмен ассоциация

даниялықтар секіру сәттілік әкеледі дегенге сенеді. Олар көрші, достарының есіктеріне сынған ыдыс лақтырады. Кімнің есігінің түбінде ең көп сынық ыдыс жиналса, сол отбасының келер жылы берекесі артады деп қабылдаған.

– «Үйде жалғыз қалғанда» киносы. Балалық шақтың естелігіне айналған фильмді қанша қайталап көрсек те, қызығушылығымыз басылған емес. Миллиондаған көрерменнің сүйікті фильмі көңіл-күйді көтереді. Сюжеті түсінікті де шығар. Ұмытшақ ата-ананың салдарынан үйде жалғыз қалып қойған Кевин Маккалистер екі ұрлықшыға қарсы тұрады. Қызығы, хикаяға мәңгі қарап отыра бергің келеді. Фильмнің екінші бөлімі біріншісінінен ерекшелене қоймайды. Бірақ негізгі көңіл-күй сақталады.

«Рождествоға сыйлық» – 90-жылдардың тағы бір үздік фильмі. Картинаға сол кезгі жастар пір тұтқан Арнольд Шварценеггер қатысқан. Атыс-шабыс фильмінің батыры бұл жолы жұмысты бірінші орынға қоятын, отбасылық мерекелерге үнемі кешігіп жүретін тым салмақты кәсіпкер ретінде танылады. Бұл фильм мерекелік көңіл-күй сыйлап қана қоймай, отбасын бірінші орынға қою керек екендігін түсіндіреді.

Жаңа жылда «Рождестволық жаңа ертегіге» де сұраныс артады. Чарльз Дикенстің шығармасында қызғаншақ, сараң адамға өткен, қазіргі және болашақтың рухтары келеді. Бұл да адами құндылықтың орнын көрсетіп, айналаға жаңа көзқараспен қарауға итермелері анық.

Соңғы нұсқаның бірі – «Бэтмен». «Бэтмен қайта оралады» фильмі жаңа жылды күтпесе де қаралымы жоғары. Ондағы басты қаһарман – балалардың сүйікті кейіпкері. Фильмде Готэм қаласындағы рождестволық көңіл-күй сипатталады. Ол жақта түрлі сайқымазақ пингвиндермен бірге баллды басқарады. Мысық әйел мен Бэтмен де осында. Стандарттан тыс жаңа жылдық фильмдерді жақсы көретіндерге арналған керемет маскарад. Міне, жаңа жылда осы мазмұндағы фильмдерді көруге болады.

ЖЫЛДАН ЖАҚСЫЛЫҚ КҮТЕЙІК

Жаңа жыл – жаңа үміт, жаңа мақсат кезеңі. Аталған мереке ерекше сезім сыйлайды. Бұл күні ырым-тыйымдарды да ұмыт қалдырмаймыз. Мәселен, мерекелік дастарқанға үлкен мән береміз. Дастарханның молдығы келер жылдың құтылып, мойыннан үлкен жүк түсіруге асықпыз. Себебі, 1 қаңтардан бастап, жаңа жыл – жаңа өмір басталады. Жыл басында қарыз бермей, алмай бастайтын болсаңыз, жыл бойы ақшадан таршылық көрмейсіз деген сенім бар.

Қазақ халқы тазалықты ұнатады. Жаңа жыл дегеннен-ақ үйді сырлап-әктеуді, шаң-тозаңнан құтылуды жөн санаймыз. Сынған ыдыстың бәрін қоқысқа тастап, жаңаға көз тігеміз. Бұл да жылдың жақсы өтуіне себеп. Оған қоса жаңа жыл қарсаңында сол күнді үйде өткізуді үрдіске айналдырдық. Сағат 12-ден үйде болып, мерекеден кейін ғана достарды құттықтауға шығатынымыз жасырын емес.

Сондай-ақ келер жылы байбақуатты болу үшін бұл мерекеде ең жақсы көретін, ең қымбат әшекей бұйымдарыңызды тағыңыз. Сонда жыл бойы жарқырап жүресіз.

Жаңа жылды кім қалай тойлайды ол, әрине, өз еркі. Десе де ата-ананың жанында, отбасы арасында қарсы алғанның өзі ерекше сезім. Сондықтан бұл мерекені отбасыны қуантуға, жылы сөздер айтуға, сыйлық беруге арнаған жөн.

М.САБЫРЖАН

«ҮЗДІК БОЛУ – ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ»

Педагог жетістігі – мектеп абыройы ғана емес, ел беделі, сала көрсеткіші. Сондықтан болар, ұрпақ келешегінің айғағына айналған мұғалім қауымды қастерлеп, ерекше статус беру және кәсіби мамандығына ынталандыру ісі ілгерілеп келеді. Бұл бағытта көптеген мемлекеттік бағдарлама, нәтижелі байқаулардың орны ерекше. Соның бірі – республикалық «Үздік педагог – 2022» сайысы. Биыл аталған беделді байқаудан жерлестеріміз олжалы оралып, облыстағы білім беру ісінің деңгейін көрсетті. Олардың қатарында №23 мектеп-лицейдің биология пәні мұғалімі Айгүл Қиясова бар.

– Айгүл Райымбекқызы, биыл сіз үшін жемісті жыл болғаны анық. Көптеген жетістікпен қатар, «Үздік педагог – 2022» байқауында топ жардыңыз. Аталған белес қандай жауапкершілік жүктеді?

– Әрбір сайыс тыңғылықты дайындық пен білімді талап ететіні белгілі. Республикалық байқау тың ізденіске баруға, жаңашылдыққа ұмтылуға түрткі болды. Себебі, сайыс жыл сайын өткізілгенімен, биылғы ерекшелік – әр өңірден жиналған ұстаздар елорда мектептерінің бірінде ашық сабақ өткізіп, білім беру әдісімен бөліседі. Ұтқырлық, оқушымен байланыс, білім беру әдісінің жаңашылдығы саралана келе көп мықтының ішінен лайықты ұстаздар іріктелді. Байқауға 100-ден астам мұғалім қатысып, бақ сынады. Мен де үздіктер қатарынан көрінуге мүмкіндік алдым. Сондай-ақ тағы 3 қызылордалық педагог жарыс жолында жеңімпаз атанды. Жалпы, жылдың үздік ұстазы болу жауапкершілік жүктейді. Үнемі дамып отыруға құлшыныс беріп, кәсіби білік-білімді арттыруға сеп болады.

– Білім беру ісіне қатысты мемлекеттік саясаттың бағытына қатысты пікіріңізді білсек. Соңғы уақытта ұстаздардың кәсіби-әлеуметтік жағдайында нендей өзгеріс орын алды?

– Айтарлықтай алға жылжу байқалады. Әсіресе, ұстаз беделін арттырған «Педагог мәртебесі» заңы халықтың қуанышын еселеп, бастама қолдау тапты. Құрмет көрсеткіші мұнымен шектелмей, ұзақ жылғы тәжірибесі бар ұстаздарға арналған республикалық, облыстық арнайы атақ пен тәсбелгі белгіленіп, лайықты мамандарға табыстау қолға алынып келеді. Өңірде де оң өзгеріс сезілді. Жыл сайын қаншама талапты шәкірт республикалық, халықаралық білім сайыстарында Сыр өңірінің абыройын асырып, жүлделі оралуда. Ұстаздар қауымы да ескерусіз қалған емес. Мәселен, өткен жылы Сыр өңірі ұстаздар қауымына сый-құрмет көрсету мақсатында «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» арнайы медалі тағайындалды. Бұл да мұғалімге көрсетілген құрмет пен қолдаудың бір түрі екені белгілі.

– **Білуімше, өзіңіз де «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» арнайы тәсбелгісінің иегері атандыңыз. Аталған тәсбелгінің мән-маңызы туралы толығырақ тарқатсаңыз.**

– Аймақ ұстаздарына құрмет көрсету мақсатында ұйымдастырылған конкурсқа білім беру саласындағы 100-ден астам маман өтініш беріп, тек 12 мұғалім ғана лайықты деп танылды. Конкурста ұстаздың педагогикалық өтілі мен жетістіктері, ғылыми-әдістемелік жұмысы мен қоғамдық шараларға қатысу белсенділігі сараланды. Осылайша, бақ пен бап қатар келген ұстаздар тәсбелгі және 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі бір реттік қаржылай сыйақы иегері атандық.

– Жетістік шоғыры мұнымен толастамасы анық. Республикалық сайыстардан бөлек, халықаралық байқаулардан да жүлде еншілеп келесіз...

– Әрбір ұстаз халықаралық тәжірибемен танысуға, әріптестерінің білімін бақылауға тырысады. Осы мақсатқа жету үшін ел аралып, нақты қадамдарға баруға тура келді. Мысалы, Польша республикасында өткен Европа елдері арасындағы III олимпиадада жеңімпаз атанып, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының жеімпаздар қатарынан көрінуге мүмкіндік туды. Сондай-ақ әр жылдары ҚР БҒМ-ның оқулық пен оқу-дістемелік кешендердің сараптама сынақ нәтижелерін қарастыру жөніндегі пәндік комиссия құрамында болып, облыс әкімінің және «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының тәсбелгілерімен марапатталдым. Мұның бәрі ұстаза білім, жауапкершілік, шабыт сыйлайтыны сөзсіз.

– Қасиетті қарашаңырақ – №23 мектеп-лицейінде 30 жылға жуық кезмет етіп келесіз. Білім ұясына келу жолыңызбен бөліссеңіз.

– Қармақшы ауданына қарасты Алдашбай Ахун ауылында дүниеге келдім. Ұстаздар отбасында тәрбиеленгендіктен, білім беру жолына қадам басу бала күннен санадағы арман еді. Сондықтан, мұғалімдіктің қыр-сырына қанығуға тырысып, арман жетегімен Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының химия-биология факультетіне оқуға түстім. «Биология пәнінің мұғалімі» ретінде толыққанды білім алып, 1994 жылы №23 мектеп-лицейіне жұмысқа орналасуға жол түсті. Міне, 30 жылға жуық уақыт білім ұясында жемісті еңбек етудемін.

Ұстаз – ұрпақ тәрбиесіндегі ең ұлы қызмет. Сондықтан болашақтың іргетасын қалауға үлес қосып келе жатқаныма мақтанамын. Сала мамандарының қадірін біліп, құрмет көрсетілгені де қуантады, әрине. Алдағы уақытта лайықты атақты абыроймен алып жүруге, шығармашылық-кәсіби қабілетті білім беру саласында сәтті пайдалануға тырысамын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Берен ШАҒЫРОВ

БАСЫМДЫҚ – БІЛІМ САЛАСЫНДА

Әрбір салада атқарылған іс сараланып, алға жоспар межеленетін күн алыс емес. Себебі жылжабар уақыт жақындады. Соның ішінде білім саласы ауқымды өзгерістерімен ерекшеленеді. Әсіресе, «Педагог мәртебесінің» сақталуы бойынша қолға алынған жұмыс көп.

МҰҒАЛІМ МИЛЛИОН АЛА МА?

Мысалы, «Педагог мәртебесі» туралы заң көп нәрсені өзгертті. Мектеп, колледж мұғалімдерінің, балабақша тәрбиешілерінің және қосымша білім беру саласы қызметкерлерінің жалақысын көтеру сияқты бірнеше бағытта жұмыс жүргізілді. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша соңғы 3 жылда мұғалімдердің жалақысы 2 еседен аса өскен. Ал келесі 2023 жылы білім беру қызметкерлері мен педагогтардың еңбекақысы қосымша тағы 25 пайызға артады.

Деректерге сүйенсек, биыл республикалық бюджеттен бұл бастамаға оларға біліктілік санаттары, магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге және дене шынықтыру мұғалімдерінің сабақтан тыс сабақ өткізуіне 1,2 трлн теңге бөлінген. Оның 121,5 млрд теңгесі мектепке дейінгі білім беру педагогтеріне, 1 трлн теңгесі орта білім беру ұйымдарына, 39,8 млрд теңгесі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына бағытталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2021-2022 жылдардың қаңтарында жалақы 25%-ға өсті. Сәйкесінше жылдан жылға білім беру ұйымдары қызметкерлерінің, яғни тәрбиешілердің, мектеп пен колледж педагогтерінің, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесі мамандарының еңбекақысын арттыруға бөлінетін қаражат көлемі ұлғайып келеді. Сондай-ақ олар біліктілік санаты (лауазымдық жалақының 30%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерін), магистр дәрежесі, пәндерді ағылшын тілінде оқытқаны, дәптер тексергені, сынып жетекшілігі мен тәлімгерлік қызметі үшін қосымша ақы алады» делінген Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратында.

Бұған қоса министр де өз парақшасында «Мұғалім миллион жалақы ала ма?» деген сұрақты былай тарқатты. ««Менің ойымша, әлеуметтік теңсіздік болмайды. Бізде 350 мың мұғалімнің жалақысын төлеу жүйесі бірдей. Бірақ бірдей болғаннан кейін, екі мұғалім бір мектепте жұмыс істеп жатса, яғни жалақысы мен жүктемесі бірдей қойылса да, біліктілігіне сәйкес қазірдің өзінде айырмашылық бар. Мысалы, оның «шебер» деген біліктілігі болса, 50%-ке артық жалақы алады. Ал магистратура дәрежесі болса, онда ай сайын 30 мың теңге үстемақы төленеді. Сол сияқты бұл жерде де қосымша шарттар қосылып отыр. Егер сол мектептегі мұғалімнің өзі басқа тапшылығы бар жерге көшіп барса және ол тиісті емтиханнан өте алса, оның дәл осындай жалақы алуға мүмкіндігі бар», – дейді Асхат Аймағамбетов.

ТОЛТЫРАТЫН ҚҰЖАТ АЗАЙДЫ

Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері толтыратын құжат саны да қысқармақ. Енді тек әр мұғалім күніне тек қана екі құжат бекіту керек. Ол баланың бағасын қоятын электрондық журнал және мұғалімнің күнделікті оқу жоспары. Басқа ешқандай қосымша құжат болмау керек. Бұдан артық құжатты талап ету заң бұзушылыққа жатады. Жауапты ведомство педагогтер қандай құжаттармен жұмыс жасаудан босатылатынына қатысты жадынама дайындаған.

Енді келер жылдан бастап пән мұғалімдері дарынды балалармен жұмыс жоспарын, «Алтын белгіге» үміткерлермен жүргізілетін жұмыс туралы есепті, педогогикалық тәжірибені трансляциялау жөніндегі құжатты, кабинет паспортын, өзін-өзі дамыту бойынша жұмысты, оқушылары қорытынды аттестаттауға және пән бойынша білім жетістіктерін бағалауға дайындық жоспарын, тоқсан/оқу жылы бөлінісінде пән бойынша үлгерім динамикасы бойынша есепті және аттестаттауға дайындық жоспарын толтыруға міндетті емес.

Сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес, сынып жетекшілері де артық құжат толтыруға міндеттелмейді.

АТТЕСТАЦИЯ САПАНЫ АРТТЫРАДЫ

Енгізілетін өзгерістер легі мұнымен тоқтамайды. Бұған қоса мектеп мұғалімдерінің аттестациясына қатысты да жаңашылдық бар. Жыл басында мұғалімдердің, ауыл директорлары мен директор орынбасарларының, қала мектептерінің, білім бөлімдері мен білім басқармалары өкілдерінің қатысуымен педагогтердің аттестациядан өту жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс тобы құрылған.Жұмыс тобы әдістемеге, әрбір біліктілік санатына қойылатын талаптарға, күтілетін нәтижеге, кәсіби стандарттың өзара байланысына және т.б. қатысты өз ұсыныстарын жасаған.

Қазір барлық педагог аттестацияның екі кезеңінен өтеді: бірінші кезең – барлық педагогтің пән мен оқыту әдістемесін білуге арналған тестілеуден міндетті түрде өтуі және екінші кезең – педагог портфолиосын, жетістіктерін бағалау.

Аттестацияға мынадай өзгерістер ұсынылады. Бірінші кезеңге, яғни ҰБТ-ға қатысты. Әдістеме бойынша тестілеу сұрақтарын қамтитын толық тақырыптар мен әдебиеттер барлығына қолжетімді болады. Педагогикалық өтілі 30 жыл және жаңа аттестация жүйесі бойынша санаты бар педагогтерді біліктілік тестілеуден босату ұсынылады. Олар аттестацияның екінші кезеңінен ғана өтеді, яғни портфолио тапсырады. Бұл ретте егер олар біліктілік санатын көтергісі келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді. Мысалы, 30 жылдық еңбек өтілі бар педагог-сарапшы өз санатын растаса, аттестациядан тек екінші кезеңнен ҰБТ-сыз өтеді, ал арттырғысы келсе қосымша ҰБТ тапсырады.

Сондай-ақ педагогикалық өтілі 30 жыл, бірақ ескі аттестаттау жүйесі бойынша жоғары, бірінші санатты педагогтер, «педагог-модератор» санатына ауысатын болса, онда олар біліктілік тестілеуден өтуден босатылады. Бұл жағдайда олар аттестацияның екінші кезеңінен өтеді, яғни портфолио тапсырады. Ал егер бұл педагогтер аттестацияның жаңа жүйесі бойынша басқа санаттарды алғысы келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді.Зейнетке шығуына 4 жыл қалған мұғалімдер де жаңа жүйе бойынша бар санатын растаған жағдайда оларды аттестациядан босату ұсынылады. Ал егер олар қолданыстағы біліктілік санатын, тиісінше алатын үстемақысын арттырғысы келсе, онда аттестация жалпы негізде өтеді.

Аттестацияның екінші кезеңінде де өзгерістер болады.

Құжаттардың саны айтарлықтай қысқарады. Екінші кезеңдегі негізгі бағалау критерийлері: сабаққа қатысуы және оны талдауы, педагогтің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі. ҰБДҚ-да әр мұғалім үшін маңызды ақпараты бар электронды портфолио құру жоспарланып отыр, мұғалімдер аттестация кезінде мәліметтерді сол жерден алады.

Бұл шаралар мұғалімдерге біліктілік деңгейін арттыру мәселелеріне тиімдірек қарауға мүмкіндік береді. Гаджеттер заманын кітап заманына айналдыру үшін мектептердің базасында «құлпысы» кітапханалар ашу және өзге де бастамалар келер жылдың еншісіне белгіленіп отыр. Бұл әсіресе үйінде сабақ оқуға жағдайы жоқ балалар үшін таптырмас көмек болмақ.

А.СНАДИН

«КУКА СЕКІЛДІ РОБОТ ҚҰРАСТЫРҒЫМ КЕЛЕДІ»

Адамның қолы жетпеген жерге ойы жетеді. Бұның дәлелі өнертапқыш Бексұлтан Әйтеннің жұмысы. Алматыда Suleyman Demirel атындағы университеттің IV курс студентінің ойлап тапқан дүниесі бүгінде үлкен сұраныска ие болуда. Робот құрастырушы Бексұлтанмен байланыс орнатып, өзі жайында және тың жобаларымен таныстық. Бала кезден инженерияға қызыққан Бексұлтанды мектептегі ұстаздары қабілетін байқап, жол көрсетіпті.

– Қызылордада туып, 6 сыныпқа дейін сонда оқыдым. Одан кейін Алматыға көшіп келдік. Алматыда №33 мектепте білім алдым. Жалпы сабақ үлгерімім жақсы болды, олимпиада-жарыстарға өте көп қатыстым. 2019 жылы Қаскелең қаласындағы Сүлеймен Демирел атындағы университетке түстім. Ағылшын, түрік тілдерін үйреніп, білім сапасы жоғары деп таңдауым осы университетке түсті. Қазіргі таңда инженер және жаратылыстану ғылымдары факультетінде компьютерлік ғылымдар мамандығында 4 курста оқып жүрмін. Бала кезімнен инженерияға қызықтым. Осы салада

жүргеніме 7 жылдай уақыт болды. Мектептегі мұғалімдер инженерияға жақын екенімді байқап, көмектесе бастады. Қосымша сабақтар өтіп, түрлі жарысқа жіберетін. 11 сынып оқитын кезімде «База 2.0» деген курсты оқыдым. Роботехникадан курста сабақ бердім. Студенттер, балалар, жұмысшылар оқыды. Балалар оқу бітірген соң табыс табуды да үйренсін деген мақсатта «Өте оңай» деген оқу орталығына курс жасадық.

Бексұлтанды танымал қылған дрон жобасы екен. Бұл жоба кейіпкердің тәл туындысы десек болады.

– Ардуиномен айналысатындардың арасында дрон өте маңызды жобалардың бірі. Өйткені қанша күш салып жасағанымен ұшпай қалатын сәттері жиі болады. Бір рет өзімнің де басымнан өтті. Сол кезде неге менің қолымнан келмейді деп өзіме сұрақ қойып, қайта кірістім. Қытайдан тауар алмас үшін барынша еліміздің табылатын өнімдерді қолданғымыз келді. Өйткені ағаш сынған жағдайда кесіп, қайта құрастыруға 1 сағат 15 минут ғана кетеді. Солай дрон корпусын ағаштан жасадық. Дронды ұшырып, басқарып көрдік. Келесі кезең – дронның gps арқылы нүктелерге баруы. Стартты басып, медициналық роботтар сияқты жеткізу қызметімен айналысуға, маңызды тапсырмаларды орындауға болады. Біреудің жүрегі тоқтап қалса, дрон дәрі-дәрмекпен ұшып келеді. Жол кептелісінде жедел жәрдем көлігі уақытында келе алмайтын кезде қолдануға болады. Жоба аяқталған соң университетте магистратурада оқитын студенттердің ғылыми жобалары бойынша ұсыныс алдым. «Яндекстің» жеткізу қызметі сияқты алгоритм жасап жатыр екен. Ол алгоритм бойынша картада екі нүкте беріледі, біреуі дүкен немесе кафенің, екіншісі – тапсырыс беруші адамның мекенжайы. Дрон осы екі нүкте арасындағы ең тиімді жолды таңдап, тапсырысты жеткізеді. Осы ұсыныс бойынша екі дронға тапсырыс алдым. Толықтай өзіміз құрастырамыз. Болашақта дронмен адамды көтергіміз келеді. Қазіргі дронның көтеретін салмағы 2-3 келі болса, болашақта 80 келіге дейін болса деймін.

Бексұлтанның айтуынша, робот жасауға еліміздің мүмкіндік көп екен. Бірақ лабораториялар толыққанды қызметті атқара алмайтын көрінеді.

– Еліміздің робототехниканың бөлшектерін шығаратын өндіріс іске қосылса, екен деймін. Біз көп нәрсені шетелден, оның ішінде Қытайдан аламыз. Қазіргі кезде Қазақстанда жұмыс істейтін лабораториялар бар. Сосын көп заттар, мысалы, «Кука» сияқты роботтардың бәрі шетелден келеді. Олар өте қымбат. Сондай тауардың бір бөлшегі сынып қалса, шетелден алдырасың немесе шебер шақырасың. Оның келуіне бар жағдайды жасайсың. Ал егер сол бөлшектерді өзіміз шығарсақ, қаншама шығын өтелер еді. Қазір кішкентай нәрседен шығаруды бастадым. Ағашты ойлап кесетін ЧПУ деген станокты жасадым. Ол станоктарды шетелден алдыратын болса, ең арзаны 2-3 миллион теңге тұрады. Көлемі –1-1,5 метр. Қазір сатылымға шығардым. Бағасы 500 мың – 1 миллион теңге аралығында болады. Егер мектептер сатып алатын болса, балалар үйренеді және бұл станокты жиһаз жасайтындар да қолданады. Қазіргі кезде мектептерде 3D-принтерлер, лазер аппараттар бар. Тура солай ЧПУ станоктарын мектепке енгізуге болады. Ал негізі зауыттар бірден жұмыс істей алады. Бұзылып қалса, 2 сағатта жөндеуге болады. Осылай өндірісті бастап кеттім. Болашақта «Кука» сияқты роботтар өзімізден шыққа деймін. «Кука» кәдімгі темір-терсектер және логикамен жұмыс істейтін моторлардан құралған. Ал егер мен логикамен жұмыс істеуді үйренетін болсам, сол нәрсені қайталай алсам, неге өзімізде шығармасқа? Шетелден сондай роботты 20 миллион теңгеге алып келесің немесе өз елімізде шығарылған 4 робот аласың деген сияқты, – дейді ол.

Ерасыл ШӘРІБЕК

КӨРШІГЕ КЕТКЕН ИНВЕСТИЦИЯ

Соңғы уақытта әлеуметтік желі мен БАҚ бетінде Өзбекстан Республикасының инвестициялық әлеуеті талқылануда. Көбі шетелдік IT компаниялардың көрші елге орнығуын әңгімелеп, неліктен бізге келмегенін білмекке құмартады. Әрине, Қазақстан – экономикалық деңгей жағынан Орталық Азиядағы көшбасшы мемлекет. Алайда шетелдік инвесторлар аталған артықшылыққа мойын бұрмай келеді. Мұның себебі не? IT компанияның Өзбекстанға шоғырлануы қандай салдарсыздыққа әкелуі ықтимал?

Алдымен көрші ел нарығына кірген компаниялар тізімінен бірер ақпарат бере кетейік. Мәселен, Prow компаниясын алайық. Жыл басында БАӘ-де орналасқан киберқауіпсіздік және деректерді басқару IT қызметтерінің провайдері қызмет географиясын кеңейтетінін жариялаған еді. Көп өтпей компания Өзбекстан мен Бахрейнде қызметтерді іске қосуды қолға ала бастады.

Ал атақты Binance халықаралық криптобиржасы Өзбекстанда бас менеджерін тағайындады. Постта менеджер жаңа нарық үшін стратегияларды, іс-қимыл жоспарларын және бизнес-модельді әзірлеумен айналысатыны белгілі болды. Ол сондай-ақ жергілікті криптовалюта командасын басқарып, маркетингтік операцияларға күш салады. Яғни, бұл компанияның аталған елге деген қызығушылығын білдірсе керек.

Қазіргі таңда Өзбекстанда батыстық кәсіп нысандарынан бөлек, ресейлік компаниялардың үлесі орасан. Мәселен, ресейлік Broniboy тауарлар жеткізу қызметін алайық. Аталған қызмет сәуір айында Ташкентте іске қосылды. Содан бері платформаға 50-ден астам серіктес қосылып, инвестиция сомасы 300 мың долларға жеткен. Платформа мейрамхана, дүкен, дәріхана және гүл сататын дүкендерге жеткізу қызметін көрсетеді. Компания өкілдерінің айтуынша, алдағы бірнеше жылда Өзбекстанның 50 мың адамнан асатын барлық қаласында қызметті іске қоспақ.

Екінші компания – Wildberries. Орталық Азия елдеріне кең танымал платформа екені даусыз. Аталған ресейлік маркетплейс Ташкентте фитинг кабиналарымен жабдықталған тарату пунктін ашты. Тауарларды жеткізуді компанияның жеке логистикалық қызметі жүзеге асырады. The Wildberries сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлерді жеткізу пункттерін өз бетінше ашуға және айналымнан 3,5 процентке дейін кіріс алуға шақырды.

Соңғылардың бірі – ITHUB. Технология саласындағы ресейлік білім беру желісі шетелдегі орыстілді аудиторияға назар аударуды ұлғайтқан болатын. Нәтижесінде компания филиалдары Өзбекстан, Қырғызстан, Кипр, Израиль және Индонезия елдерінде жұмысын бастамақ. Сондай-ақ мекеме білім беру мазмұнын өзбек тіліне аудару мүмкіндігін қарастыруда.

Осы орайда Өзбекстанның бүкіл Орталық Азия аймағының даму орталығы болуға деген амбициясын талқылау қажет секілді. Себебі соңғы уақытта алпауыт ұйымдар мен кәсіпкерлер Қазақстанға емес, көрші өзбек еліне мойын бұруы көбейтті. Оған елдегі халқы саны, арзан жұмыс күші, географиялық ахуал себеп болғандай. Соның ішінде IT және жалпы цифрландыру жүйесі басым бағыттың біріне айналды.

Өзбекстан мұндай мүмкіндікті қапы жібермеу және IT әлеуетін көтеру үшін барын салары белгілі. Әсіресе, білікті кадрлар даярлау, Орталық Азиядағы басты IT-орталыққа айналуына мүмкіндік жасау жүзеге аспақ. Бұл үшін нақты жобалар да жолға қойылып келеді. Мысалы, осыдан екі жыл бұрын Өзбекстанда IT park құрылды. Нәтижесінде IT компаниялар үшін салықты жеңілдету, жеке тұлғаларға арнайы визалар беру ісі қарқын алғаны бар. Онымен қоса мемлекет кәсіпкерлерге кеңсе, желі ашуға да қол ұшын созды.

Өзбекстандағы ең жылдам дамып келе жатқан саланың бірі – қаржылық технология. Қазіргі таңда көрші елдегі жергілікті банктер IT-дің дамуына ілесе алмай кешеуілдегенімен, алдағы 2-3 жылда бұл олқылықты түзетуге тырыспақ. Айтпағымыз, Өзбекстан банктік қосымшалар, қашықтықтан қызмет көрсету сапасы бағытында жобалар әзірлеуде. Мұның бәрі төлем карталарын пайдалану көбейіп, халықтың қаржылық сауаты да өседі деген сөз. Оған экспорттық Payme және Click толық мүмкіндік беретін түрі бар. Әрине, Қазақстандағы банк жүйесіне ілесу үшін әлі де еңбек қажеті анық. Десе де кей инвесторлардың көрші елге қызығуы осы «бос кеңістікті толтыруға» толтырып, табыс табуға ұмтылысы секілді.

Электрондық сауда және дербес дерек жайы өзбектер жағымды жаңалыққа жетеледі. Стартаптар мен венчурлық нарық талабы да жаңа мүмкіндік тудырғанын айта кетуге тиіспіз. Мұнда бәрі енді ғана пайда дамыған IT саласына серпін бергені жасырын емес.

Айта кетейік, өткен жылы Өзбекстан БҰҰ цифрлық үкімет рейтингінде 18 орынға көтерілді. Мұндай өзгеріске елдегі онлайн мемлекеттік қызметтердің де әсері мол. Мәселен, қызметтерді жеңілдету үшін елде бірыңғай PINFL идентификаторы енгізілген. Ол бойынша салық, еңбек өтілі бақыланып, зейнетақы беріледі.

Әрине, Өзбекстанның аталған IT саласындағы өзгерісі бізді қайрауға, жаңа инвестиция жолын таңдауға итермелері анық. Себебі салалық бәсеке ғана мемлекеттің алға жылжуына жол ашып, потенциалын толық ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан аймақтағы орнымызды нығайту үшін IT әлеуетке де мән берген абзал.

Бөрен ШАҒЫРОВ

СӨЗ ЗЕРГЕРІ ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Апта басында тағы бір жағымды жаңалық естілді. Бұл жолы қуанышты хабар Астанадан жеткен. Жерлесіміз Мейірбек Сұлтанхан «Тәуелсіз елім – тірегім!» атты республикалық ақындар айтысында топ жарып, бас жүлдені еншіледі.

Жыр аламаны ел егемендігі мен ұлт тұтастығына арналған. Шараға бірқатар зиялы қауым өкілі мен партияның атқарушы хатшысы Асхат Оралов қатысты. Айтыстың ашылу салтанатында сөз алған Асхат Оралов айтыстың тарихи жолы мен халық өміріндегі орнын айтып, бүгінгі шараның өзегін жеткізді:

«Тәуелсіздіктен бағалы ештеңе жоқ. Сондықтан бүгінгі жыр додасының жөні бөлек. Айтыс – қазақтың бойтұмары, ата-бабаларымыздан аманат болып жеткен киелі өнер жәдігері. Ұлтымыздың руханиятын, мәдениетін дамыту мен қолдау ісі бір сәт те тоқтамайды. Біз ұлттық өнерді қолдауды алдағы уақытта да жалғастырамыз»,– деді ол.

Айтыс тізгінін ұстаған ақын, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай дубірлі доданың мәні мен маңызына тоқталып, қазылар алқасының құрамын және сынға түсетін ақындар қауымын таныстырды. Өз кезегінде еліміздің түкпір-түкпірінен Астана төріне ат басын бұрған 14 ақын көзіқарақты көрерменнің алдында орамды ой айтып, сүбелі сөз өрбітті.

Ақындардың жеті жұбы ең асыл қазынамыз саналатын азаттықтың қадір-қасиетін жырға қосты. Сейтіп, түс ауа басталған сөз барымтасы қас қарайғанша жалғасты. Соған қарамастан, қанға сіңген қастерлі өнердің қадірін білетін айтыссүйер қауым бір сәтке болсын тарап кеткен жоқ. Тапжылмай тамашалады.

Осылайша, көркекті ақын, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай бастаған қазылар құрамының шешімімен бас жүлдені қызылордалық Мейірбек Сұлтанхан иеленді. Ал жүлделі І орын түркістандық Бекарыс Шойбековке, ІІ орын ұлытаулық Төлеген Жамановқа бұйырды. ІІІ орынды ақтөбелік Нұрбол Жауынбаев, Абай облысынан келген Рүстем Қайыртайұлы, көкшетаулық Нұрмахан Жақыпбек және қостанайлық Айбек Қалиев өзара бөлісті.

Сондай-ақ сайысқа түскен барша ақынға қомақты сыйсияпат табысталды.

«Бүгін елорда төрінде ұлттық өнеріміз ұлықталып, жыр жәрмеңкесі қанат жайды. Бұл – айтыс өнерінің абыройы асқақтаған күн. Төл өнеріміз ғасырдан ғасырға жалғаса беруіне тілектеспін. Жыр бәйгесін жоғары деңгейде ұйымдастырған ел ағаларына, алтын уақытын қиып келген көрерменге алғысым шексіз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын. Еліміз мәңгі жасасын»,– деді жыр бәйгесінің жеңімпазы Мейірбек Сұлтанхан.

Осылайша Астанада өткен аламан айтыста «Сыр елі – жыр елі» деген ұғымның маңызы үстемеленіп, мәні артты. Қызылордалық сөз жүйріктері қашанда сүбелі ойы арқылы халық көкейіндегі күрмеулі мәселелерді, ұлттық мүдде жолындағы жағымды өзгерістерді көркем тілмен жеткізіп, жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Бұл жолғы жетістік те алған бағыттың оң екенін білдірсе керек.

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан мектеп оқушыларына арналған жаңа жылдық шырша өтті. Шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтады.

«Сіздердің білімді де білікті азамат болып өсіп, Сыр өңірінің әлемге танылып, көркейіп-көріктенуіне үлес қосатындарыңызға сенемін. Сіздер жақсы оқып, білімді болсаңыздар, еліміз одан әрі көркейе түседі. Ол үшін бізге тек бірлік, ынтымақ керек. Зерделі де зерек, білімді де білікті болыңыздар. Жаңа жыл, өмірдің жаңа парақтары – жақсылықтардың бастауы болсын. Алға қарай ұмтылып, асуларды талмай бағындыра беріңіздер», – деді аймақ басшысы.

Шыршаға қатысқан балалар үйінің тәрбиеленушілері мен ерекше білім берудің қажет ететін, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көпбалалы отбасының балалары, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта жетістіктерге жеткен 9-13 жас аралығындағы 200 оқушыға сыйлық табысталды.

Іс-шара мерекелік концертке ұласып, балалар ертегілер еліне саяхаттады және Аязата, Ақшақармен бірге әнайтып, би биледі. Будан соң жеткіншектер облыс әкімдігі ғимаратымен танысты.

БІЛІМ ЖОЛЫ

Көз көлген ғылымдағы зерттеу теориялық және қолданбалы әдістерге сүйенеді. Ғылыми теория эмпирикалық деректерді түсіндіру қажеттілігінен туындайды және тәжірибемен тексерілетіні анық. Ғылымдағы тәжірибелік міндеттерді шешу үшін көптеген талдау әдістерін қолдану қажет.

Сондықтан зерттеулердің негізгі әдістерін анықтау мақсатында «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институты «Дәстүрлі зерттеу әдістері және Scopus базасы» тақырыбында оқыту семинарын өткізді. Семинар барысында ғылыми мақалалар құрылымы мен ғылыми сараптама әдістерінің негізгі басымдықтарына мән берілді. Мақала жазу барысындағы IMRAD жүйесіне толықтай түсіндірме берілді. Ғылыми зерттеулердің жинытықталған әдіснама моделі негізінде басты талдау әдістері көрсетілді.

Маңызды шараға «Болашақ» университетінің профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Семинардың жастардың да ғылым саласына терең бойлауына ықпал жасап жүрген «Болашақ» ҒЗИ директоры, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Мұрат Насимов жүргізді.

ЖАСТАР ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРЕДІ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл – жастарды қолдауға бағытталған маңызды құжат. Өйткені жастар – ел дамуы мен болашағының стратегиялық ресурсы.

Мемлекет бірінші кезекте жастардың сапалы білім алуын, денсаулығын сақтауды, жұмыспен қамтуды, кәсіпкерліктен айналысуын, тұрақты баспанамен қамтылуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие алуын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруын және талантты жастарға көмек беруді басым бағыт ретінде қарастырады. 2009 жылы еліміздің «Жастар жылы» деп жариялануы бекер емес. Қазірдің өзінде мемлекеттік бағдарламаларда жастарды қолдау шараларына басымдық беріледі. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойылуы жастар саясатына жаңа серпіліс әкеледі деген сенім мол.

Жаңа заңның игілігін барша жас көреді деп сенім білдірген Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі: «Қазақстан әлемдік жастардың дамуы индексінде 150 мемлекеттің ішінде 54-орында тұр. Жастардың даму индексінде негізгі 12 компоненттің 9 тармағы бойынша пайыздық коэффициенттер өскені байқалады. Жалпы, жастарымыз сан түрлі ой-пікірі, сан алуан ұстаным-бағыты, көзқарасына қарамастан ортақ мүддеге жұмылғаны жөн. Ал аталған заң жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», дейді. Сонымен заңдағы өзгерістер қандай?

Ең бастысы – жастардың даму индексі және уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET санатындағы жастар) деген ұғымдар заңнамалық тұрғыда бекітілді. Елімізде жұмыссыз және оқудан шығып қалған жастар көп екені белгілі. Бұл мәселе заңда кеңінен қарастырылды. Бірінші рет NEET санатындағы жастардың индикаторы айқындалады. Енді осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіліп, түрлі әлеуметтік көмек беріледі.

Сонымен қатар заң аясында жастардың жас шегі 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайтылды. Осы өзгеріске байланысты еліміздегі жастардың жалпы саны 6 миллионға жетіп отыр. Жастарға тұрғын үйді жеңілдікпен жалға беру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыреті кеңейтілді. Жастар саясаты бағытында будан өзге де бірқатар маңызды өзгеріс бар. Аталған заң жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

◀ ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

СЛЕНГ ТРЕНДТЕ, БІРАҚ...

Ақпараттық қауымдастық пен интернет, технология дамыған қазіргі заманда қарым-қатынастың негізгі құралы – әлеуметтік желі. Бүгінгі интернет әлем бойынша миллиондаған адамды байланыстырады. Ал осы желі қолданушыларының тілдік нормалары қандай деңгейде? Олар әлеуметтік желіде тілдің деңгейін көтеріп жатыр ма, әлде..?

Қазақ тілінің, ана тілінің мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу және жазу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы. Қазір адамдардың барлығы дерлік әлеуметтік желіні белсенді қолданады. Мұндағы қарым-қатынас шынайы өмірдегіден мүлдем басқа. Қазір сөз әрекетінде тілдің жаңа формасы – жазбаша ауызекі сөйлеу пайда болды деуге болады.

Желі қолданушылары толықтай паралингвистикалық құралдардан, яғни сөз темпінен, қандай да бір сөзге екпін түсіруден, дикция, жест, мимикадан айырылған деуге болады. Сондықтан да әлеуметтік қарым-қатынас нәтижелілігі шынайы қарым-қатынаспен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Паралингвистикалық құралдардың мұншалықты жеткіліксіздігін әлеуметтік желіде өзге құралмен толықтыру қажеттілігі туады. Ол – смайликтер. Ағылшын тілінде Smile – күлкі/жымию дегенді білдіреді. Дегенмен әртүрлі эмоцияны түрлі смайликтерге бекітіп беріп қолдануға әрекет жасалғанымен, ол табиғи тілдегідей, эмоцияны толыққанды жеткізе алмайды, тек сол бағыттағы сезімнен хабар береді.

Интернет қолданысындағы қазақ тілінде де сленг көп кездеседі. Ол өз бетімен дамып, грамматика заңдылықтарына бағынбайды. Мұндай сөздерге жаргон сөздер жатады. Ол жастар арасында көп пайдаланылады. Жастар сленгі – ерекше лингвистикалық құбылыс. Ол тек белгілі бір жас аралығындағы топ ішінде өрбиді.

Әлеуметтік желідегі қазақ тілі қолданысында кездесетін тағы бір ерекшелік – қысқартудың жиі қолданылуы. Қазақ тілін қолдануда кездесіп жүрген қысқартылған сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер: не істеп жатырсың? – нест, білмеймін – блмм,бара жатырмын – баратрм, не жаңалық – не жан, рахмет – раха. Мұндай қысқартулар барысында әр әріп бір сөзді білдіруі де мүмкін. Нәтижесінде әріптік бірізділік пайда болады, оны оқу, түсіну мүмкін болмайды, өйткені олар оқуға арналмаған.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік желідегі мәтін (пост) өзіндік ерекшеліктерге ие, оның сипаты ауызша-жазбаша, тілдік ерекшеліктері қалыпты нормаға бағынбайды, ол адамдардың интернет аландағы қарым-қатынасына ыңғайланған, уақытты үнемдеу мақсатында қысқартулар жиі орын алады, өзіндік заңдылықтары мен талаптары бар. Алайда әлеуметтік желінің заңдылықтары мен талаптарына бағынып жүріп, шынайы өмірдегі қарым-қатынастан алыстап кетпейміз бе?..

Орынқул ЕСЕНДІКОВА,
Арал ауданы
Мергенсай ауылдық округі,
№58 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі



«АШЫҚ САХНА» БАЙҚАУЫ ӨТЕДІ

«Астана Балет» театры шығармашыл жастар арасында І республикалық «Ашық сахна» байқауы басталғанын хабарлайды.

Байқау өнер саласындағы 18 бен 45 жас аралығындағы дарындарға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылуда. Байқау өтетін мерзім – 2022 жылдың желтоқсан – 2023 жылдың мамыр айы. Жүлде қоры – 4000 000 теңге.

«Ашық сахна» республикалық байқауы бес іріктеу кезеңнен тұрады. «Хореография», «Либретто», «Музыка», «Сценография» аталымдары бойынша жеңімпаздар анықталады. Бірінші кезең онлайн форматта өтеді. Әр аталым бойынша жеңімпазға 1000 000 теңге көлемінде қаржылай жүлдемен қатар, «Астана Балет» театрының репертуарына қосылатын толыққанды хореографиялық туынды шығаруға мүмкіндік беріледі. Байқауға қатысу туралы өтінішті 2022 жылғы 1-31 желтоқсан аралығында ashyq_sakhna@astanaballet.kz электронды поштасына жолдау керек. «Астана Балет» театрының сайтында әр аталым бойынша байқаудың регламенті және шарттарымен танысуға болады.

СЫРЛЫ ӘЛЕМГЕ САЯХАТ

Мәреге таяған «Балалар жылында» кішкентай оқырмандарымыз үшін арнайы «Баспалдақ» беті ашылған еді. Мұнда жүздеген жас авторлардың сиясы кеппеген дүниелері жарыққа шығып, оқырманын қуантты, алдағы уақытта қуанта береді де...

Музей – халықтың құнды дүниесі. Тарихымыз бен мәдениетіміздің түптамыры, ұлттық құндылығымыздың айшықты келбеті шоғырланған киелі орын. Мұражайдан іздеген адам үшін сан қырлы құнды деректер табылады. Маған ғасырлар куәсі болған жәдігерлерді көру, олардың тарихына үңіліп, дүниетанымымды толықтыру қатты ұнайды. Сол себепті қаламыздағы облыстық тарихи-өлкетану музейіне жиі барып тұрамын.

Музей 1939 жылы қаланған. Алғашқы экспозициясы 1890-1896 жылдары салынған Перовск Қазан-Богородтық шіркеуі орналасқан ғимаратта болған. 1980 жылы музейге екі қабатты бұрынғы қонақ үй ғимаратты беріліп, 1985 жылы 7 мамырда ашылды. Қазіргі таңда музей 11 залдан тұрады. 2000-2002 ж.ж музейде «Өлке кеңес үкіметі кезінде», «Сыр бойындағы астана», «Қызылорда облысы екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында», «Тәуелсіз Қазақстан», «Этнография», «Мәдениет және өнер» залдары бар. Музей қорында 55416 жәдігер бар, оның 5 мыңнан астамы көрмеге қойылған.

Бұрынғылар тұтынған тұрмыстық заттар, керамикалық ыдыс-аяқтар, өшекейлер, қолжазбалар мен көне дәуірдегі құнды дүниелер арнайы залдарға топтастырылып, көпшілік назарына ұсынылып келеді. Ондағы ең құнды жәдігерлер: батыр дулығасы, сауыт (1853ж), зеңбірек ұңғылары, ақша коллекциясы (Ұлы Жібек жолы сауда айналымдағы). Музейге келушілер ел тарихындағы маңызды құжаттар, тәуелсіздік жылдарындағы түрлі салада жеткен жетістіктер жөнінде мағлұматтар жинақталған.

Мұнан бөлек, басты құндылықтарымыз – мемлекеттік рәміздер де осы залда. Ел өнерпаздары мен спортшылардың жеткен жетістіктеріне арналған витриналар да бірден көзге түседі. Музейді аралағанда Сыр елі шежіресімен толық танысқандай күй кешесің. Қаланың тарихы, елді мекендер орналасқан карта, көрнекі орындар, аң-құстар бейнесін көруге болады.

Қаламызда осындай танымымды кеңейтетін музей барына мен шын жүректен қуаныштымын. Барлық жастарға бос уақытын осындай ізденіспен өткізуге және де қызықты ақпараттар жинауға шақырамын!

Ұлдана ҚОЗЫБАҚОВА

ТҮРКІСТАН – ТҮРКІ БЕСІГІ

Тұранның төрі атанған Түркістан облысына экскурсияға бардық. Саяхат сабақтың басты мақсаты – үйірме мүшелеріне Қазақстанның жалпыұлттық және өңірлік қасиетті орындары тізіміне енген нысандарды насихаттау. Саяхат барысында «Өлкетану» үйірме жетекшісі Айнұр Амангелдіқызы тақырып бойынша ежелгі қаланың тарихымен таныстырып өтсе, «Спорттық туризм» үйірме жетекшісі Бақытбек Досмайылов «Қазақстандағы Венеция», «Керуен-Сарай» туристік кешендері мен мәдени орындарын, жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер жүрген көшелерді аралатты.

Түркістан табиғаты келген жас қонақтарды бей-жәй қалдырмады. Саяхат барысында қаланың тарихымен, облыстың қалыптасуымен танысуға, қызықты орындарды көруге, аймақты тереңінен тануға мүмкіндік болды. Өзіміздің елде осындай қаланың көркейіп жатқаны мені қатты қуантты. Себебі, алпауыт елдерден кем емес зәулім үйлер архитектурасы ешкімді бей-жай қалдырмады.

Ағылып келген туристтерді де көрдік, бұл дегеніміз еліміздің басқа да елдерге қызықты екенін білдіреді. Еліміздің осылай өркендеуі мен үшін мақтаныш. Саудасаттықпен де танымал Түркістан, ата-бабаның көзі Түркістан, енді міне алпауыт елдермен тіресе алатын Түркістанға айналғандай көрінді маған. Саяхатымыздың соңында оқушылар болып концерттік қойылымды тамашаладық. Бұл концерт те есімізде ерекше қалды.

Жалпы Түркістанға аяқ басқан әр адамның есінде ерекше қаларлықтай бір дуние міндетті түрде табылары анық.

Інжу ҒАЗИЗҚЫЗЫ,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Өлкетану» үйірме мүшесі

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘТТІ СЫЙ

Бостандық деп белшеден
көп қан төккен,
Майдангерлер ақтық деммен
ант еткен.
Ұранына ұрпақтардың
айналған
Егеменді елдік үшін жан
кешкен.

Тәуелсізбін деп жырлайық,
ұлы ұрым,
Азаттықпен астарлансын
ғұмырым.
Ата-баба аңсап кеткен
арманның
Жаңа жолға жалғай білсек
тұрғырын .



Тұнған тарих қазыналы ел іші,
Еркіндікті сақтау – жастар жеңісі.
Қасиетті Қазақстан деген сөз
Отбасымен бірдей ұғым мен үшін.

Орындалып сан ғасырлық арманы
31 жыл ел бостандық алғаны.
Аштық, соғыс, бодандықтан құтылып
Боямасыз бағымыздың жанғаны.

Әйгерім ІЗБАСАРОВА,
Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжінің студенті

БАЛАПАН

Мектеп

Мектеп – біздің екінші үйіміз. Күздің алғашқы күні бәріміз мектепке асығамыз. Өйткені онда біз санауды және оқуды үйренеміз. Ал бізге бәрін үйрететін мейірімді жан, біздің екінші анамыз – ұстазымыз.

Мектепте оқып қана қоймай, көптеген достар кездестіреміз. Маған мектеп ұнайды.

Раяна ЫБЫРАЙ,
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің 1 сынып оқушысы

Менің отбасым

Менің атым – Назар. Әр адамның жақындары болады. Сол сияқты менің де отбасым бар. Атам, әжем, әкем, анам, інім, сіңілім – менің жанұям. Мен үшін аса қымбат адамдар.

Мен – әжемнің үлкен немересімін. Әжем маған әдепті, тәртіпті бол деп ақылын айтады. Мен әжемнің пісірген тәтті бауырсақтары мен тоқаштарын жақсы көремін.

Біз отбасымызда бақытты, тату-тәтті тұрамыз.

Назар САҒАТ,
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің 1 сынып оқушысы

Ауылда

Демалыста отбасыммен ауылға барамын. Ауылға барған соң ата-әжемнің үйіне барамын. Онда менің атам, әжем, көкем, жеңешем, ағаларым және тағы да басқа туысқандарым бар. Әжем мені «Алтын балық», «Қошақаным» деп еркелетеді. Біз ағаларымызбен аулада ойнаймыз, велосипедпен серуендейміз. Мен ата-әжеме тақпақтарымды айтып беремін. Ал олар маған сыйлық береді. Маған ауылға барған ұнайды.

Рамазан САЛАМАТ,
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің 1 сынып оқушысы

Әже

Әже деген ақылдың қазынасы,
Қымбат маған ол жанның әзиз басы
Еркелетер жып-жылы сөздерімен,
Қалаймын мен келсе деп жүзге жасы.

Аналардың анасы ғасыр адам,
Ардақты әжем, ең асыл адам.
Жылулыққа толы менің панам,
Үлгі болып жүреді әркез маған.

❀ ❀ ❀

Ауылым, алтын бесігім,
Өзінде өсіп келемін.
Ауасы таза, тауы биік
Ыстық ұя мекенім.

❀ ❀ ❀

Білімнің нәрін құятын,
Құшағына бала жиятын.
Ұстаздай ұлы адаммен,
Жыл сайын қауыштыратын
Алтын ұям, мектебім!

Санжар ОРАЗ,
Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің 1 сынып оқушысы

ҰЛТТЫҚ СПОРТ: ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Елордада Ұлттық спорт түрлерінен жыл үздіктері марапатталды. Тоғызыншы мәрте ұйымдастырылған байқау барысында көкпар, бәйге, садақ, аударыспақ, теңгеілу, асық ату, тоғызқұмалақ, құсбегілік және «Жыл жаңалығы» аталымдары бойынша үздік спортшылар мен бапкерлер іріктелді. Жиында «Amanat» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов ұлттық спорттың қарқынды дамып жатқанын жеткізді.

«Таяуда Түркияда Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтті. Сол ойында Президент тапсырмасымен бір топ делегация болып бардық. Сол жерде көптеген спортшыларымыздың жетістіктерін көрдік. 102 мемлекеттің ішінде біздің спортшыларымыздың шоқтығы биік болды. Тағы бір қуанышты жағдай, Президентіміздің ұсынысын бүкіл түркі әлемі қабылдап, келесі 2024 жылғы Көшпенділер ойыны Қазақстанда өтетін болды. Бүгіннен бастап спортшылар тұлпарларын сайлап, жебелерін ұштап, айтулы жарысқа дайындала беру керек», – деді Ерлан Қошанов.

Ерлан Қошанов «Үздік көкпар командасы» аталымы бойынша Ұлттық құрамаға «Алтын тұғыр» мүсінін, диплом және ақшалай сыйлықты табыстады. Көкпардан Ұлттық құрама биыл Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысып, жеңімпаз атанды. Сондай-ақ «Үздік бәйге аты» аталымы бойынша ат иесі Ұлан Омаров марапатталды.

Аударыспақ спортында 70 және 90 келіден жоғары салмақ бойынша әлем чемпиондары Шыңғыс Ержанов пен Данияр Смайлов үздік деп танылды. Ал «Жыл жаңалығы» аталымын «Ұлы дала жорығы» жобасының авторы Бақытжан Тұрлыбек иеленді.

Қазақстанның мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин үш аталым бойынша үздіктерді марапаттады.

«Үздік дәстүрлі садақ ату мергені» аталымында Қанат Қасымхан үздік атанды, Айкөз Ерелхан «Үздік жамбы ату спортшысы» танылды. Теңге ілу бойынша жыл марапаты Бәйдібек Сабыровқа берілді.

Тоғызқұмалақ, асық ату бойынша үздіктерді Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов марапаттады. Тоғызқұмалақ бойынша ерлер арасында Ғалымжан Темірбаев, әйелдер арасында Әсел Далиева үздік спортшы болды. Асық атудан ерлер және әйелдер ұлттық құрамасы үздік команда деп танылды.

Сондай-ақ «Үздік құсбегі» аталымының «Бүркіт» түрі бойынша Бақдәулет Бабажан, «Ителгі» түрі бойынша Таңат Оспанқұлов, «Қаршыға» түрі бойынша Бексұлтан Сейітжан марапатталды. Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы президенті Исламбек Салжанов үздік спортшылардың бапкерлерін жетістіктермен құттықтады.

Тоғызқұмалақ спорт түрінен бас жаттықтырушы Серік Ақтаев, құсбегіліктен аға жаттықтырушы Арман Күнтуған, аударыспақтан ұлттық құраманың бас бапкері Жанбатыр Бекмұсаев, теңге ілу спорты бойынша жауапты жаттықтырушы Нұржан Әбілқасымов және жамбы ату бойынша ұлттық құраманың бас бапкері Елдос Бадашев сыйлыққа ие болды. Көкпардан жауапты бапкер Нұрдәулет Момынов пен Сәбит Қасеновке, асық атудан бас бапкер Жомарт Сабыржановқа да 300 мың теңгенің сертификаты табысталды.

МЕССИДІҢ ЖЕҢІСІ 7 ЖЫЛ БҰРЫН БОЛЖАНҒАН

Американың Даллас қаласының тұрғыны Хосе Мигель Поланко Лионель Мессидің биылғы чемпионаттағы жеңісін бірнеше жыл бұрын болжаған. Оның Twitter парақшасына 2015 жылы салған посты желіде таралып, көпшілікті таңдандыруда.

Болжаушы тек Мессидің жасынан қателескен. Әлем чемпионатында жеңіске жеткен кезде Аргентина құрамасының капитаны 35 жасқа толды. Қалған болжам дәлме-дәл келіп тұр. Бұл пост Twitter-де 270 000-нан астам лайк пен мыңдаған пікір жинады. Кейбір пайдаланушылар автордың көріпкелдік қасиетіне тәнті болса, кейбірі оның бұл әрекеті жалған деп сенімсіздік танытқан. Алайда Катарда футболдан әлем чемпионатының финалында Аргентина мен Франция құрамалары алтын жүлдені сарапқа салып, Аргентина алға шығып, болжам шындыққа айналды. Осыған орай кәсіби футболшының жетістікке жету тарихымен бөліссек.

Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, бала күнінде көп қиындық көрген балалар өскенде үлкен мақсаттарға жетеді екен. Өйткені әбден ысылып, өмірдің барлық соқпағынан өткендер есейген шағында кез келген жағдайға дайын болатын көрінеді. Ойша бағамдар болсаңыз, әрбір жетістікке жеткен адам үнемі өзін жетілдіргені байқалады. Жастайынан ата-анасына жәрдемдесіп қолғанат болады. Сонымен қатар айналасына жанашыр келеді. Ол жанның бойында адамзатқа деген ішкі құрметі мен дүниені танып-білуге қатысты энергиясы мол болады. Осылайша айналасына шуағын шашып жүреді. Бүгінгі кейіпкерде осы аталған қасиеттердің барлығы бар. Орайы келгенде жарық жұлдыз, ала доптың супер шебері туралы 5 қызықты дерекпен бөліссек...

– Мессидің тұңғыш келісімшарты қол сүртетін қағазға жасалған. Оның әкесі Хорке Барселона директоры Карлос Рекшасқа жылдам қол қоюды өтінген. Мейрамхана даяшысынан қол сүртетін қағаз сұрап, келісім шартты соған жасаған;

–2004 жылы 16 қазанда Лионель Месси Барселона сабында Эспанольға қарсы өнер көрсетіп көзге түседі. Сол жылы 17 жасында Испания біріншілігінде кәмелетке толғаннан кейін берілетін «ең үздік жас футболшы» атағын иемденеді;

– Ол әлемдегі футболшылар алатын ең бастысы номинация – «Алтын допты» 6 рет, «Алтын бутсыды» 3 мәрте алған бірден-бір рекордшы,

– Аргентиналық танымал CULE спорт басылымы жерлестерінің құрметіне газеттің атын өзгертіп бір рет ЛЕО деп шыққан;

– Сарапшылар оның сол аяғыныңептілігін Марадонаның аяғымен салыстырса, жылдамдығын Кройф пен Рональдиньоға теңестіреді. Месси өзінің спорттық карьерасында 642 артық ойын өткізіп, 550 астам гол соққан нағыз талант иесі.

Ол төрт рет Испания чемпионы атанды. Ал 2006 және 2009 жылдары Лео Месси Чемпиондар лигасының жеңімпазы болады.World Soccer сараптамасы бойынша Лионель Месси 2006, 2007 және 2008 жылдары Еуропаның ең үздік жас футболшысы титулын иемденеді.

2005 жылы юниорлар арасында әлем чемпиондығына жетсе, 2008 жылға келіп, Олимпиада чемпионы атанды.

«ҚАЙСАР» 12 ДҮРКІН ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Евразия спорт кешенінде гандболдан Қазақстан чемпионатының кезекті бірінші-лігі қорытындыланды. Жүлдеден үмітті 4 команда ақтық ойындардың көркін қыздырды. "Қайсар" қыздары "Алтайдан" айласын асырып, алтынға таласуға мүмкіндік алса, Шымкенттің шеберлері "Астананың" аруларын сан соқтырды.

Бір қызығы биылғы чемпионаттың финалы оңтүстік дербиге ұласты. Финалдық ойын 2 күнге созылды. Бірінші күні паркетте тартысты ойын өрбіді. Эльвира Камилова, Марина Пикалова, Мария Ситникова сынды шымкенттік гандболшылар қақпашы Чуйкова мен Айтенованы қыспаққа алды. Дегенмен қорғаныста сауатты, шабуылда ширақ қимылдаған Вячеслав Ким шәкірттері 44-33 есебімен жеңіске жетті.

Екінші ойында да Сыр сұлулары сыр бермеді. Вероника Хардина мен Наталья Полуянконың тандемі "Қайсардың" қарқынын арттырды. Қос гандболшы нәтижелі ойын көрсетті. Әсіресе Наталья шешуші сәтте шабуылды түйіндейді. Мұнан бөлек "Қайсарды" қолдауға келген жанкүйерлер Аружан Әмит, Жанерке Сейітқасым, Назым Сабыржанқызы, Татьяна Давыдова, Ксения және Мария Пупченковалардың шеберлігіне тәнті болды. Бұл кездесуде де "Қайсар" гандбол клубы 34:25 есебімен жеңіп, 12 мәрте жеңістің биік тұғырына көтерілді.

ЖАМПОЗДАРҒА ЖҮЛДЕ БҰЙЫРМАДЫ

Израильдің Иерусалим қаласында өтіп жатқан дзюдодан Masters сериясындағы турнир мәресіне жетті.

Таяу Шығыстағы байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасынан Олимпия ойындарының екі дүркін жүлдегері, Азия және әлем чемпионы Елдос Сметов, жастар арасындағы халықаралық турнирлердің жүлдегері Бауыржан Нарбаев, «Үлкен дулыға» жарысының жеңімпазы Мағжан Шамшадин (60), әлем чемпионатының күміс жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев (66), әлем біріншілігінің қола жүлдегері Әбиба Әбужақынова (48) мен Севара Нышанбаева (57 келі) татамиге шықты.

Өкінішке қарай аталған спортшылардың бірде-бірі жүлделі орыннан көріне алмады. Мәселен, Нарбаев пен Қырғызбаев алғашқы айналымнан әріге аса алмаса, Сметов, Шамшадин және Нышанбаева 1/8 финалда жарыс жолынан шығып қалды. Ал Әбиба Әбужақынова қола жүлде үшін өткен бәсекеде биылғы әлем біріншілігінің қола жүлдегері италиялық Ассунтой Скуттодан жеңіліп қалды.

ТАБЫСТЫ ФУТБОЛШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Германияның Transfermarkt порталы әлемдегі ең қымбат ойыншылардың командасын таныстырды.

Мадридтік «Реалдың» ойыншысы Тибо Куртуа 60 миллион еуроға бағаланған ең қымбат қақпашы атанды. Қорғанысқа РБ Лейпцигтен Джошко Гвардиол (75 млн), «Манчестер Ситиден» Рубен Диас (75 млн) және «Бавариядан» Маттейс де Лигт (70 млн) кіреді.

Ең қымбат жартылай қорғаушылар: «Боруссия Дортмундтың» ойыншысы Джуд Беллингем (110 млн), «Барселона» сапындағы Педри (100 млн), «Реалдың» ойыншысы Винисиус Джуниор (120 млн), «Манчестер Сити» сапындағы Фил Фоден (110 млн) және Лондонның «Арсеналының» ойыншысы Букайо Сака (100 миллион). Шабуылды ПСЖ ойыншысы Килиан Мбаппе (180 млн) және «Манчестер Ситиден» ЭрлингХоланд (170 млн) ұсынады.

Бетті дайындаған: Е.ҚАНЫБЕКҰЛЫ

ЖҰЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

Нумеролог не дейді?

2023 – қоян жылы. Ол 12 циклды қытай жұлдызнамасында 4 орын алады және шығыс күнтізбесінде ең бақытты саналады. Жақында ТМД бойынша танымал нумеролог Әдемі Мәуленова 2023 жылы кімдердің табысты болатынын айтқан еді. Сондай-ақ маман жаңа жылға болжам жасап, кімге сақ болу керектігіне де тоқталды. Жаңа жыл 7 санының энергиясымен өтеді. Сондықтан әр адам өзінің жеке санына мән беру керек.

Мәселен, сіз 17.12.1999 жылы дүниеге келдіңіз делік. Енді туған күн мен ай санын өзара қосып, бір сан шығарамыз. Мысалы, 1+7+1+2=11=1+1=2. Содан соң биылғы жылдың басты саны 7-ге сіздің жеке саныңызды қосып, бір сан шығарамыз. Мәселен, 7+2=9. Осылайша, 17.12.1999 жылы туған адамның биылғы саны 9-ға тең.

Нумерологтың болжамы бойынша, бір саны шыққан жандар үшін алдағы жыл мақсатына қол жеткізетін. 2023 жыл жаңару жылына айналып, адам өміріндегі кейбір жайттар логикалық соңына жетеді. Бұл жеке қарым-қатынасқа қатысты болуы мүмкін.

Екі саны тиесілі жандар үшін жылдың басты ұраны – дипломаттық қарым-қатынас. Агрессия танытып, қысым көрсетуге мүлде болмайды. Егер ашуға ерік берсеңіз, жағдай сіздің пайдаңызға шешілмеуі мүмкін. Алдағы жылы басталатын жеке қарым-қатынас шаңырақ көтерумен аяқталады. Әсіресе, жеке өмірінде тұрақтылық жоқ жандар мүмкіндікті жіберіп алмауы қажет. Егер коммерциялық идеяңыз болса, оны жүзеге асыратын әріптес табуға тырысыңыз.

Үш саны шыққан жандар үшін 2023 жыл шығармашылық пен еркін идеяға толы болмақ. Өсу, даму бірінші орынға шығады. Сондықтан қаржылық жағдайды жақсарту үшін атқаратын қызмет аясын кеңейту қажет. Әсіресе, алдағы жыл саяхаттауға, көшуге, мамандық ауыстырып, жеке өмірді жақсартуға өте қолайлы. Өзіңізді жалпыға ортақ нормалармен шектемеңіз. Идеяңызды жүзеге асыру үшін барлық қадамға барыңыз. Бастысы – физикалық формаңызды, денсаулығыңызды сақтаңыз.

Төрт саны тиесілі жандар үшін жаңа жыл тұрақтылық пен сенімділіктің белгісі болмақ. 2023 жылы үйленгендердің некесі берік болады. Келер жылы үй немесе басқа да жылжымайтын мүлік сатып алуға мүмкіндік көп. Сізге көп жұмыс істеп, қаражат жинаған жөн. Жауапкершілікті арттырып, ертеңге ештеңе қалдырмаңыз. 2023 жылғы басты міндетіңіз – позицияңызды ұстанып, болашақтың іргесін қалау.

Бес санының есебі шыққан жандар үшін жаңа жыл өзгеріс уақыты болмақ. Мамандық ауыстырып, саяхатқа шығып, қоныс аударуға ынғайлы кезең. Жыл жаңа жобалар бастау үшін де қолайлы. Көптеген күтпеген жайт орын алады. Жеке өмірде өзгерістер көп болуы мүмкін. Бірақ ештеңеден қорықпай, алға басыңыз. Жаңа қарым-қатынас, жаңа іс, жаңа табыс көзін іздеген дұрыс. Денсаулыққа да көңіл бөліңіз.

Алты саны тиесілі жандар үшін 2023 жыл махаббатқа толы жыл болмақ. Жеке өмірді жақсы жаққа өзгерту үшін қолайлы жыл. Отбасында қиындықтар кездессе, 2023 жылы бәрі шешіледі. Жаңа жыл сіз үшін борышыңызды өтейтін жылға айналады. Жақындарыңызға қамқор болып, игі істермен айналыссаңыз, жылдың сыйлайтын қуанышы арта түспек.

Жеті саны тиесілі жандар үшін 2023 жыл өзін-өзі тануға, рухани дамуға арналған кезең болмақ. Әрбір қадамды ойланып басып, асығыс, қызу шешімдер қабылдамау қажет. Бұл жылы құндылықтар мен көзқарастарға қайта баға берген жөн. Сізге жұмыс істеп, материалдық қажеттіліктерді өтеу қажет. Жақындарыңызбен арақатынасты реттеп, жаңа баспалдаққа көтерілуге тырысыңыз.

Сегіз саны шыққан жандар үшін жаңа жыл бизнес пен әлеуметтік дамудың, нақты шешімдердің жылы болмақ. Сондықтан ақша табу, сүйікті адамыңыздың жүрегін жаулау сынды істерге келгенде сенімді қадам басыңыз. Жарты жолда тоқтап қалмай, бастаған істі аяғына дейін апарыңыз. Өміріңіздегі үлкен өзгерістер жылдың басында болуы мүмкін. Бұл жаңа жұмыс орны немесе жаңа баспана болуы да ғажап емес. Жаңа жыл энергияның көп шығындалуына әкеледі, сол үшін денсаулығыңызға ерекше мән берген дұрыс. Егер осының бәрін қадағаласаңыз, табысқа жетесіз.

Тоғыз саны тиесілі жандарға өткенді ұмытып, алға қадам басқан жөн. Келер жыл барлық бітпеген іске нүкте қою аса маңызды. Мәселен, қарызыңызды қайтару, жөндеу жұмыстарын аяқтау, құрылысты бітіру сынды жұмыстарды дер кезінде аяқтаңыз. Әйтпесе ол тағы бірнеше жылға созылып кетуі мүмкін. Жақын арада сізді үлкен өзгерістер күтіп тұр, сондықтан, өз ойыңызды електен өткізіп, жаңаруға дайындалған дұрыс. Сатып алатын ірі заттардың барлығын кейінге қалдырыңыз. Денсаулығыңызға күтім жасап, үмітіңіз ақталмай жатса, қапа болмаңыз.

2023 жылы 1, 2, 3, 5 және 8 саны шыққан адамдарды қаржылық табыс, жаңа бизнес пен жаңа мамандық күтеді. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8 санындағы адамдардың жеке өмірінде жақсы өзгерістер болады. 1,7,9 санындағы адамдар рухани дамып, өзіндік менін қалыптастырады. Ал 4,7,9 санындағы адамдар үшін кез келген өзгеріске тәуекел етпеген дұрыс.

ЖАҢА ЖЫЛДЫ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛСАҢ...

Үш жүз алпыс бес күнді артқа тастап, жаңа жылға қадам басқалы отырған сіз бен бізге – жылына бір келер мерекені қалай қарсы алатынымыз маңызды. Жаңа жылдың өз-өзімізге есеп беріп, өткен-кеткенді ой елегінен өткізер, жаңа жылға жаңа мақсаттар қоятын жауапкершілікке толы шақ екені мәлім. Алайда «тойдың боларынан боладысы қызық» демекші, мерекені мән-мағынасынан гөрі аурасы үшін күтетіндер қаншама.

Қыстың аязында қайдағы мерекелік көңіл-күй деп ойлайтын шығарсыз? Ендеше, бүгін біз жаңа жылды қарсы алуға ынғайлы, ауа температурасы жоғары елдердің тізімін ұсынамыз. Яғни, бір апта немесе бір айға жаз мезгіліне оралуға мүмкіндік бар.

Қыста жазды аңсап, суға түскіңіз келсе, тізімдегі елдердің біріне тартып тұрыңыз.+30/35 градусты көрсететін Таиландта сервис те мықты, тамағы да арзан. Ал дәл осы уақытта, қыста теңіз бен жағажай суы +28 шамасында жылы. Визаны әуежайдан алуға болады. Қазақстан бойынша Алматыдан Бангкокке тікелей рейс бар.

Оқырмандарға ұсынатын екінші ел – Мальдив аралдары. +28/32 көрсететін Мальдивке Қазақстаннан тікелей рейс бар. Туркомпаниялар да жыл бойы тур ұйымдастырады. Саяхатшы Руслан Меделбектің сөзіне сүйенсек, 30 күнге виза керек емес. Қалтаңызға қарай отель мен жағажай таба аласыз. Дегенмен Мальдивке бару үшін бір адамға кемі 600 мың теңге қаражат керек.

Вьетнам – жаңа жылды қарсы алуға болатын ерекше мекен. +28/30 градусты ұстап тұрған елге Air Astana мен VietJet әуе компаниялары Алматыдан тікелей рейс ашқан. Мұнда демалыс құны арзан. Электронды визаны туркомпаниялар дайындап береді. Бұл елге жаңа жылдан кейін тур бағасы арзандай түседі. Бір адамға шамамен 300 мың теңге болады.

Доминиканада жаңа жылды қарсы алуға қалай қарайсыз? +30/35 градус температураны көрсетіп тұратын бұл елге жыл сайын неше түрлі тур ұйымдастырылады. Басты ерекшелігі – мұнда жыл бойы жылы жағажайда өмір сүруге болады. Айта кетейік, тур құны бір адамға 600-700 мың теңгеден басталады. 30 күнге виза қажет емес.

Дубай да қазақстандықтар үшін қыста демалуға арналған тұрақты орынға айналды десек артық емес. +22/26 градустағы ауа-райы көктемгі қоңыр салқын аураны сыйлайды. Р.Меделбек: «Дубай – қазақстандықтар үшін Түркиядан кейінгі ең көп баратын жер. БАӘ жыл бойы сұраныстағы ел. Бұл елге 250-280 мың теңгеден басталатын тур тауып алсаңыз болады. Тіпті, 200 мың теңгелік турлар да жеткілікті. Жалпы мұнда баруға мүмкіндік мол. Әрі қысы-жазы суға түсіп, қай мезгіл екеніне қарамастан жазды сезінуге болады», – дейді.

Египетке ұйымдастырылатын турлар да соңғы кезде ерекше сұранысқа ие. +25/28 градустағы елдің Шарм-әл-Шейх пен Хургада курорттары қыста да хит. Сондықтан мұнда қыста барсаңыз, ең ыстық күндерге арналған жаздық киімдерді ғана апарыңыз. Египетте қыста да су жылы. Суға түсуді ұнататындар үшін таптырмас мекеннің бірі. Ал сіз жаңа жылды қайда қарсы аласыз?

Дина БӨКЕБАЙ

Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7399
Тапсырыс: 2206